

Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 154 "2022-2024 жылдарға арналған Шалқар қалалық бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 24 маусымдағы № 259 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 154 "2022-2024 жылдарға арналған Шалқар қалалық бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2022-2024 жылдарға арналған Шалқар қалалық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 546349,4 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 104273,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 527,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 15200,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 426349,4 мың теңге;

2) шығындар – 549538,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттер - 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 теңге;

қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -3189,1 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 3189,1 мың теңге , оның ішінде:

қарыз түсімдері – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 3189,1 мың теңге.";

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының "2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9 бабына сәйкес белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын:

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 60 000 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 063 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 36 018 теңге;

2022 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 180 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 37 389 теңге.";

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2022 жылға арналған қалалық бюджетке республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге 4299,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт бөлінгені ескерілсін.";

6-тармақта:

бірінші абзацында:

"248364,0" сандары "198364,0" сандарымен ауыстырылсын;

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. 2022 жылға арналған қалалық бюджетке аудандық бюджеттен 195501,4 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферттің сомасын бөлу Шалқар қаласы әкімінің шешімі негізінде айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық
мәслихатының 2022 жылғы 22
маусымдағы № 259 шешіміне
қосымша

Шалқар аудандық
мәслихатының 2021 жылғы 27
желтоқсандағы № 154 шешіміне
1 қосымша

2022 жылға арналған Шалқар қалалық бюджеті

Санаты	

	Сыныбы			Сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			I.Кірістер	546349,4
1			Салықтық түсімдер	104273,0
	01		Табыс салығы	12000,0
		2	Жеке табыс салығы	12000,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	72213,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	2572,0
		3	Жер салығы	5767,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	63874,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	20060,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	20000,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	60,0
2			Салықтық емес түсімдер	527,0
	06		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	527,0
		1	Жергілікті бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер	527,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	15200,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	15200,0
		1	Жерді сату	15000,0
		2	Материалдық емес активтерді сату	200,0
4			Трансферттердің түсімдері	426349,4
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	426349,4
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	426349,4
II. Шығындар				549538,5
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	90418,0
			Мемлекеттік басқарудың	

	1			жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	90418,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	90418,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	90418,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	184662,0
	01			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	7,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	7,0
			007	Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің мемлекеттік тұрғын-үй қорының сақталуын ұйымдастыру	7,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	184655,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент,	184655,0

				ауылдық округ әкімінің аппараты	
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	30508,0
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2257,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	151890,0
12				Көлік және коммуникация	274457,4
	1			Автомобиль көлігі	274457,4
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	274457,4
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	9800,0
			045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	264657,4
15				Трансферттер	1,1
	1			Трансферттер	1,1
				Аудандық маңызы бар қала	

		124		, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1,1
			048	Пайдаланылмаға н (толық пайдаланылмаға н) нысаналы трансферттерді қайтару	1,1
				III. Бюджет тапшылығы (-3189,1 профициті)	
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (3189,1 профицитін пайдалану)	
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	3189,1
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	3189,1
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	3189,1